

7M05111 «Биология» білім беру бағдарламасына сараптамалық тұжырым

Ұсынылған білім беру бағдарламасын Павлодар педагогикалық университетінің мамандары әзірледі, ол құзыреттілік тәсіл негізінде қалыптасты және ҰБШ 7-ші біліктілік деңгейіне сәйкес «Биология» білім беру бағдарламасы (ғылыми-педагогикалық бағыт), бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрлерін даярлауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасының негізгі тұтынушылары білім алушылар, Қазақстан Республикасының Білім беру ұйымдары болып табылады.

Білім беру бағдарламасында талаптарға сәйкес барлық қажетті бөлімдер ұсынылған. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері қажетті кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға және жоспарланған нәтижелерді алуға бағытталған. ББ құрылымында модульдердің сипаттамалары және оқыту нәтижелерінің қалыптастырылатын құзыреттермен арақатынасының матрицасы ұсынылған. Жиынтық кестеде Модульдер бөлінісінде игерілген кредиттер көлемі көрсетілген. Сондай-ақ, бағдарламада кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқыту стратегиялары мен әдістері сипатталған.

Бағдарлама сондай-ақ барлық оқу кезеңі ішінде педагогикалық, зерттеу және өндірістік практиканы қамтиды, бұл магистранттарға пәндік салада, оқу-педагогикалық қызметті жоспарлау және ұйымдастыру бойынша практикаға бағытталған білім мен дағдыларды игеруге мүмкіндік береді.

ББ ҰБШ 7-біліктілік деңгейіндегі кадрларды даярлау саласындағы кәсіби стандарттардың талаптарына толық сәйкес келеді.

7M05111 «Биология» ББ-да теориялық дайындық көлемі құзыреттілік тәсілді енгізу, Белсенді білім беру технологияларын пайдалану, жұмыс берушілерді оқу процесіне тарту есебінен оқыту талаптарына сәйкес деңгейді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасында жоғары білікті мамандарды даярлау үшін қажетті жеткілікті Кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету бар.

7M05111 «Биология» магистрлерін даярлау бойынша білім беру бағдарламасын талдау негізінде бұл бағдарлама биология саласындағы жоғары білікті мамандарды даярлау үшін кең мүмкіндіктерді ашады деген қорытынды жасауға болады.

Торайғыров университетінің
биология және экология кафедрасының меңгерушісі
Б.ғ.к., қауымдастырылған профессор

А. Б. Қалиева